




БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

город Астана

Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы және «Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №598 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы



2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 37-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысаны бекітілсін.

2. «Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 598 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10174 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

**Қазақстан Республикасының
Қаржы Министрі**



Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы «24» 12
№ 678 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы
Қ У Ә Л І К

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Салық төлеушінің атауы _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____
(бар болған кезде)

ЖСН (БСН) _____

Тіркелген күні _____

Қалыптастырған күні _____

№ _____ Сериясы _____